

Келісілді:  
«Умники» бебекжай  
адіскері:  А.Арыстанова

Бекітемін:  
«Умники» бебекжай  
директоры:  А.Смаилов

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың оку жоспары және  
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың оку бағдарламасы негізінде  
2023- 2024 оку жылының ариалған «Әдемі-ай» мектепалды тобының  
казақ тілі үйымдастырылған іс-әрекеттіңің перспективалық жоспары  
(№ 1 педагогикалық кеңес хаттамасында қаралды 29.08.2023 жыл)

Мұғалімі: Джумалиева А.А.

## ТҮСІНІК ХАТ

2023-2024 оқу жылына арналған тәрбиелеу-білім беру жоспары Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы №726 қаулысымен бекітілген «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасының 1-міндеттін «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың қолжетімділігін және сапасын қамтамасыз ету», Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы №137 қаулысымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі» міндеттерін орындау мақсатында жүзеге асырылады.

Мектепке дейінгі тәрбиелеу-білім беру процесі төмендегі **нормативті-құқықтық құжаттарын басшылыққа алып ұйымдастырылады:**

- Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндettі білім беру стандарттарының бекіту туралы» бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндettі Стандарты;

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі №394 бұйрығы;

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндеттін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» бұйрығымен (өзгерістер мен толықтырулар) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы;

- Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында 2023-2024 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хаты (ҚР ОАМ «Балаларды ерте дамыту институтының» ғылыми-әдістемелік кеңесінің 2023 жылғы 26 шілдедегі №7 хаттamasы);

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 14 қазан №422 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» бұйрығы бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы;

- Мектепке дейінгі жастағы балаларға қазақ тілін үйрету бойынша әдістемелік ұсынымдар (ҚР ОАМ «Балаларды ерте дамыту институтының» ғылыми-әдістемелік кеңесінің 2023 жылғы 27 қыркүйектегі №8 хаттamasы).

Қазақ тілі мұғалімінің 2023-2024 оқу жылындағы ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің апталық оқу жүктемесі:  
«Әдемі-ай» мектепалды тобы - аптасына екі рет.

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың оқу жоспары және**  
**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың оқу бағдарламасы негізінде**  
**2023- 2024 оқу жылына арналған**  
**Қазақ тілі үйимдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

**«Умники» бөбекжайы**

**«Әдемі-ай» мектепалды тобы**

**Балалардың жасы -5 жастағы балалар (орыс тобы)**

**Жоспардың құрылу кезеңі: қыркүйек 2023 жыл**

<b>№</b>	<b>Уақыты</b>	<b>Үйимдастырылған іс-әрекеттің міндеттері</b>
<b>1</b>	<b>Қыркүйек</b>	<p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:</b> қазақ тіліндегі сөздерді дұрыс айта білуге, ол сөздерді қолдана білуге үйрету. Сөздегі қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ, ң, һ дыбыстарын ойын жаттыгуларында дұрыс айтуға дағдыландыру; тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту; дыбыстық тіркестер мен сөздерге еліктей отырып, дыбыстау. Белсенді сөздікті жақын адамдардың атауларымен (ата, әже, әке, ана), құнделікті жиі қолданатын таныс заттар мен ойыншықтардың атауларын</p> <p><b>Сөздік қор:</b> қоршаған ортадағы құнделікті жиі қолданылатын кейбір тұрмыстық заттардың атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру;</p> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы:</b> менгерілген жаңа сөздік құрылымдарды коммуникативті қатынас жасау үшін анық, дәл айтуға үйрету;</p> <p><b>Байланыстырып сөйлеу:</b> балаларды бір-бірімен еркін тілдік қарым-қатынасқа баулу; диалогтік сөйлеу тілін дамытуға негіз болатын түрлі әдістер мен тәсілдерді қолдану;</p>
<b>2</b>	<b>Казан</b>	<p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</b></p> <p>1) қазақ тіліндегі сөздерді дұрыс айтуды және еске сактауды, осы сөздерді қолдануды</p>

	<p>үйрету; қазақ тілінің төл дыбыстарын дұрыс айтуды үйрету ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ, н, һ;</p> <p>2) сөйлеу және артикуляциялық аппаратты, тыныс алууды және айқын дикцияны дамыту.</p> <p><b>Сөздік қор:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) күнделікті өмірде кездесетін кейбір тұрмыстық заттардың, жемістер, көкөністер, жануарлар мен құстардың атауларын атауларын дұрыс айту және түсіну біліктерін қалыптастыру;</li> <li>2) заттардың сын-сипатын, заттармен орындалатын іс-әрекеттерді білдіретін сөздерді айтуды және түсінуді үйрету;</li> <li>3) 10-ға дейін тұра және кері санауды үйрету.</li> </ol> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсінуді және қолдануды үйрету;</li> <li>2) сөз тіркестерін түсінуді үйрету және сөздерді байланыстыруға жаттықтыру;</li> <li>3) зат есімдердің жекеше және көпше түрін қолдану дағдыларын қалыптастыру.</li> </ol> <p><b>Байланыстыра сөйлеу:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) қарапайым сұрақтар қоюды және оларға жай сөйлемдермен жауап беруді, диалог құруды үйрету;</li> <li>2) өзінің тұрғылықты жерін (қала, ауыл) атауды үйрету;</li> <li>3) педагогтің үлгісі бойынша ойыншықтар туралы және суреттер бойынша қысқа мәтіндер құрастыруды үйрету;</li> <li>4) шағын тақпақтар мен өлеңдерді жаттау дағдыларын қалыптастыру.</li> </ol>
3	<p><b>Қараша</b></p> <p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</b></p> <p>Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алууды және таза дикцияны дамыту, қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуга дағдыландыру. Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соны).</p> <p><b>Сөздік қор.</b></p> <p>заттың атын, санын, сынын, қимылын білдіретін сөздердің мағынасын түсіну және ауызекі тілде қолдануды дағдыландыру; (табиғат құбылыстары, үй жануарлары, жабайы жануарлар)</p> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы:</b></p> <p>балалардың сөздік қорын зат есімдермен, етістіктермен, сын есімдермен, сан есімдермен, үстеулермен, жұрнақтар және жалғаулармен байыту;</p> <p><b>Байланыстырып сөйлеу:</b></p> <p>Қарапайым сұрақтар қоюды және оларға жай сөйлеммен жауап беруді дағдыландыру, мазмұндылығын ескере отырып, балалардың диалогтік сөйлеуін дамытуға ықпал ететін тілдік ортаны құру.</p>

4	Желтоқсан	<p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:</b></p> <p>- мәдениет нышандарын қалыптастыруды жалғастыру. Қазақ тіліндегі сөздерді дұрыс айту, есте сақтау, сөздерді қолдануға үйрету; қазақ тіліндегі дыбыстарды (С, З, П, Б, Ф, В, Х) айту.</p> <p>Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамытуды жалғастыру.</p> <p><b>Сөздік қор:</b></p> <p>Жануарлардың, құстардың, киім түрлерінің атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Заттардың белгілерін. заттармен іс-әрекеттерді білдіретін сөздерді түсіну және атауға үйрету.</p> <p>Тұрмыстық заттар және қоршаған орта заттарының қолданылу маңыздылығын түсіну дағдыларын қалыптастыру.</p> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы:</b></p> <p>Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсіну және қолдануға үйрету (табиғаттың қысқы құбылыстары, Қазақстан туралы, Қазақстанның байлығы, қысқы қызығы, жаңа жылдық мереке туралы).</p> <p><b>Байланыстырып сөйлеу:</b></p> <p>карапайым сұрақтар қоюды және оларға жай сөйлеммен жауап беруді дағдыландыру, диалогке қатысуға үйрету;</p>
5	Қаңтар	<p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</b></p> <p>қазақ тілінде айтылған сөздерді мұқият тыңдауға, дұрыс айта білуге және ол сөздерді есте сақтауға үйрету. Сөз ішіндегі қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын дұрыс айтуға дағдыландыру; тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту; дыбыстық тіркестер мен сөздерге еліктей отырып, дыбыстау. (Щ әріпі, Ч, Х, І дыбыстары (артикуляциясы, тіл ұстарту, сөздердегі дыбыстардың орнын табу).</p> <p><b>Сөздік қор:</b></p> <p>дидактикалық және дамытушы ойындар мен жаттығуларды қолдану арқылы сөздік қорын байыту;</p> <p><b>Сөйлеудің грамматикалық құрылымы</b></p> <p>Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсіну және қолдануға үйрету.</p> <p><b>Байланыстырып сөйлеу</b></p> <p>Айналасындағылармен өздігінен диалогті бастауға ынталандыру, әңгімелесушіні мұқият тыңдап, сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу, әңгімелесу кезінде өзін мәдениетті ұстau, әдепті және</p>

		сабырлы болу.
6	Ақпан	<p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:</b>          Қазақ тіліндегі сөздерді дұрыс айтуга және есте сақтауға, осы сөздерді қолдануға үйрету; қазақ тіліне тән дыбыстарды айту. Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамытуды жалғастыру          (Ц, М, Л дыбыстары (артикуляция, тіл ұстарту, сөздердегі дыбыстың орнын табу) әріп, буыннан, сөз, сөзбен туралы түсініктерін тиянақтау.</p> <p><b>Сөздік қор:</b>          Заттардың белгілерін, заттармен әрекеттерді білдіретін сөздерді түсінуге және айтуга және оларды ауызекі тілде қолдануға үйрету.</p> <p><b>Сөйлеудің грамматикалық құрылымы:</b>          Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсіну және қолдану қабілетіне үйрету.</p> <p><b>Байланыстырып сөйлеу:</b>          Карапайым сұрақтар қоюға және оларға қарапайым сөйлемдермен жауап беруге, диалогқа қатысуға үйрету.          Адамдармен қарым-қатынас жасау үшін қажетті сөздерді айту қабілеттерін қалыптастыру. Мұғалімнің үлгісі бойынша таныс заттар, оқиғалар (суреттер бойынша) туралы қысқа әңгімелер құрастыру.</p>
7	Наурыз	<p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:</b>          Қазақ тіліндегі сөздерді дұрыс айтуга және есте сақтауға, сөздерді қолдануға үйрету; қазақ тілінің ерекше дыбыстарын айту. Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамытуды жалғастыру (Р, Н, Н, У дыбысы (артикуляциясы, тіл ұстарту, сөздердегі дыбыстардың орнын табу) мен әрпі (атау, жазу негіздері)</p> <p><b>Сөздік қор:</b>          Азық-түлік атауларын, қазақ ою-өрнектерінің, музыкалық аспаптардың атауларын айтуды және түсіну дағдыларын қалыптастыру.          Заттардың белгілерін, заттармен әрекеттерді білдіретін сөздерді түсінуге және айтуга және оларды ауызекі тілде қолдануға үйрету.</p> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы:</b>          Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсіну және қолдану қабілетіне үйрету.          "Құстар - көктемнің жаршысы", "Бәйшешек" өлеңін мәнерлеп оқу", "Наурыз құтты болсын! "Наурыз көже" санамағын жаттау", Домбыра туралы аңыз".</p> <p><b>Байланыстырып сөйлеу:</b>          Карапайым сұрақтар қоюға және оларға қарапайым сөйлемдермен жауап беруге, диалогқа қатысуға үйрету. ("Көктем келді","Сүйінші дәстүрі"). Адамдармен қарым-қатынас жасау үшін қажетті сөздерді айту қабілеттерін қалыптастыру, мұғалімнің үлгісі бойынша таныс заттар, оқиғалар (суреттер бойынша) туралы қысқа әңгімелер</p>

		құрастыру.
8	Сәуір	<p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:</b>          Қазақ тіліндегі сөздерді дұрыс айту, есте сақтау, қолдануға үйрету; қазақ тілінің ерекше дыбыстарын айту.          Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамытуды жалғастыру.          (И, Э, Й, Ю дыбысы (артикуляциясы, тіл ұстарту, сөздердегі дыбыстардың орнын табу).  <b>Сөздік қор:</b>          Заттардың белгілерін, заттармен іс-әрекеттерді білдіретін сөздерді түсіну, айту қабілетіне үйрету және оларды ауызекі тілде қолдану. 10-ға дейін санауды бекіту.  <b>Тілдің грамматикалық құрылымы:</b>          Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсіну және қолдану қабілетіне үйрету.  <b>Байланыстырып сөйлеу:</b>          Қарапайым сұрақтар қоюға және оларға қарапайым сөйлемдермен жауап беруге, диалогқа қатысуға үйрету. ("Отан деген не?", ""Достық" ертегісін баяндау. Достық дегеніміз не?")          Айналасындағылармен өздігінен диалогті бастауға ынталандыру, әңгімелесушіні мұқияттыңда, сұрақтарды дұрыс қоюға және койылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу, әңгімелесу кезінде өзін мәдениетті ұстаяу, әдепті және сабырлы болу.</p>
9	Мамыр	<p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:</b>          Интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегендеге қолдана білуді дамыту. Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамытуды жалғастыру. (Я дыбысы (артикуляциясы, тіл ұстарту, сөздердегі дыбыстардың орнын табу) мен әрпі (атау, жазу негіздері), "Дыбыстар мен әріптер еліне саяхат", "Қызықты әріптер", "Сиқырлы дыбыстар мен әріптер").  <b>Сөздік қор:</b>          Көктемгі құбылыстардың, жәндіктердің, құстардың, гүлдердің атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру.          Заттардың белгілерін, заттармен әрекеттерді білдіретін сөздерді түсінуге және айтуға және оларды ауызекі тілде қолдануға үйрету.          10-ға дейін тұра және кері санауды бекіту.    <b>Тілдің грамматикалық құрылымы:</b>          Сөйлемдердегі сөздерді: зат есімдерді сан есімдермен және сын есімдерді зат есімдермен үйлестіре білуді жетілдіру.</p>

**Байланыстырып сөйлеу:**

Негізгі ойды дұрыс жеткізе білу, әңгімені бірізді айту, шағын логикалық және хабарлау сипатындағы әңгімелерді құрастыру. Ойыншықтарды, заттарды, сюжеттік суреттер, табиғат құбылыстарын сипаттауда заттар мен нысандардың ерекшеліктерін білдіретін сөздерді дұрыс тандау, сын есімдер мен үстеулерді қолдану.